

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 21 наурыз N 309-II

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы".

2. Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметінің ұйымдастырылуын айқындайды."

3. Бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлыққа", "Жарлықта", "Жарлықтың", "Жарлықтан" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңға", "Заңда", "Заңның", "Заңнан" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 1-баптағы "Республиканың Ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі - ұлттық қауіпсіздік органдары)" деген сөздер мемлекеттік тілдегі мәтінде "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі - ұлттық қауіпсіздік органдары)" деп, "Республиканың Президентіне" деген сөздер мемлекеттік тілдегі мәтінде "Қазақстан Республикасының Президентіне" деп дұрыс жазылған.

5. 2-баптың 1-тармағында:

1) 6) тармақшадағы "елдің" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7) тармақшадағы "ұйымдары" деген сөз "ұйымдарында, Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7) тармақшадағы "ұйымдастыру" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "болып табылады" деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ету болып табылады."

6. 5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық қауіпсіздік органдарының, олардың әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің іс-әрекеттеріне ұлттық қауіпсіздік органдарының жоғары тұрған органдарына, прокуратураға немесе сотқа шағым жасауға болады."

7. 6-баптың 1-тармағындағы "сондай-ақ" деген сөз алып тасталсын, "құрамалардың" деген сөзден кейін "және бөлімдердің" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - Ұлттық қауіпсіздік комитеті), оның ведомстволары, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері, арнаулы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдар құрайды".

9. 8-бапта:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына басшылық жасауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіппен ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады және оларға басшылық жасайды;"

2) 2-тармақтағы "құрылымы мен қызметінің ұйымдастырылуы" деген сөздер " мәртебесі мен өкілеттіктері" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 8-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары ұлттық қауіпсіздік органдарына олардың қызметінің жекелеген бағыттары бойынша жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, таратады және қайта ұйымдастырады;

2) директорлар басқарады, оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) олар заңды тұлғалар болып табылады, олардың нақты және шартты атаулары, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары, банктерде шоттары, негізгі қорлары болады."

11. 10-бапта:

1) 1) тармақшадағы "және өзге де" деген сөздер ", басқа да әскерлерінде және" деген

сөздермен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы "және өзге де" деген сөздер ", басқа да әскерлері мен" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 10-1 баптағы "үкіметтік байланыс әскерлері мен басқа да әскерлерден құралады" деген сөздер алып тасталсын.

13. 12-бапта:

1) 7) тармақшада "мемлекеттік және әскери құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпия" деген сөздермен ауыстырылсын, "құрамалар" деген сөзден кейін ", бөлімдер" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 10) тармақшадағы "заңға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз етуге";

4) 17) тармақшадағы "мемлекеттік, әскери және қызметтік құпия" деген сөздер " мемлекеттік құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 20) тармақшадағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. 13-бапта:

1) 8) тармақша "құрамалардың" деген сөзден кейін "және бөлімдердің" деген сөздермен, "нақты залалды" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9) тармақша "құрамалардың" деген сөзден кейін "және бөлімдердің" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10) тармақшадағы "заңда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11) тармақша "құрамалардағы" деген сөзден кейін ", бөлімдердегі" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 12) тармақшадағы "заңмен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздермен, "құрамалар" деген сөз "құрамаларға, бөлімдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13) тармақшадағы "заңдарды" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 14) тармақшадағы "құрамалар" деген сөз "құрамалардан, бөлімдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 18) тармақшадағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 16-баптың 1-тармағындағы "(қызметкерлер)" деген сөз алып тасталсын.

16. 17-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Әскери қызметшілерді ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмыс істейтін резервіне есепке алу мен олардың әскери қызметті өткеру тәртібін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы белгілейді."

17. 18-бапта:

1) 3-тармақтағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақтағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-тармақтағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 19-баптың 2-тармағындағы "Қарулы Күштердің", "заңдарда" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің", "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. 20-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Комитет төрағасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына әскери қызметке алынғанға дейінгі еңбек қызметінің стажын еңбек сіңірген жылдарына есептеуі мүмкін."

2) 3-тармақтағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-тармақтағы "Қарулы Күштердің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. 21-бапта:

1) 1-тармақтағы "еңбек туралы заңдармен" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының еңбек туралы заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы "заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. 22-бапта:

1) 1-тармақтағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы "Республика" деген сөз "Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. 23-баптың 2-тармағындағы "Республикасының" деген сөз мемлекеттік тілдегі мәтінде "Қазақстан Республикасының" деп дұрыс жазылған, "құрамаларының" деген сөзден кейін "және бөлімдерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК